

Бекітемін:
№18 мектеп бөбекжай балабақша
кешенінің директоры: Б.Б.Габдуалиев



Келісемін: *Хайбуллина*
№ 18 мектеп бөбекжай балабақша
кешенінің әдіскері: А.Е.Хайбуллина

Мектеп жасына дейінгі балаларға асық ойындарын үйретудің маңызы

(Халимуллина Манзия Мұқасқызының авторлық бағдарламасы)

Дене шынықтыру нұсқаушысы: А.А.Курмашева

2021-2022 оқу жылы

Қ/с	Тақырыбы	Мақсаты	Сағат саны
1	Асықтың шығу тарихы	Балаларды асықтың шығу тарихымен таныстыру, асық туралы жалпы мәлімет беру.	1
2	Асық ойынының пайдасы	Асық ойындарының тигізер пайдасы және жүйке жүйесін шыңдауға әсері туралы және асықтың дәлдікке, ұстамдылық пен сабырлылыққа тәрбиелейтіндігін ұғындыру.	1
3	Асық атаулары мен оны иіру әдістері	Балаларға асықтың атауларын меңгерту, асық иірудің әдіс – тәсілдерін үйрету.	1
4	Асық туралы өлең, тақпақтар	Асық туралы өлең жолдарын және тақпақтарды үйрету. Өз беттерінше орындауға дағдыландыру.	1
5	«Құмар» ойыны	Балаларға ұлттық ойын «Құмар» асық ойынын үйрету және шапшаңдыққа, ептілікке тәрбиелеу.	1
6	«Омпы» ойыны және иірімі	Балаларға ұлттық ойын «Омпы» асық ойынын үйрету және ойынның шарттарын сақтауға дағдыландыру.	1
7	«Асықты тігіп ойнау» ойыны және иірімі	Балаларға ұлттық ойын «Асықты тігіп ойнау» асық ойынын үйрету және дәлдікке, мергендікке баулу.	1
8	«Алшы» ойыны және иірімі	Балаларға ұлттық ойын «Алшы» асық ойынын үйрету және ойынның шарттарын сақтауға дағдыландыру	1
9	«Тәйке» ойыны және иірімі	Балаларға ұлттық ойын «Тәйке» асық ойынын үйрету және көздеп ата білуге тәрбиелеу.	1
10	«Бүге» ойыны және иірімі	Балаларға ұлттық ойын «Бүге» асық ойынын үйрету және топтаса ойнай білуге тәрбиелеу.	1

11	«Шіге» ойыны және иірімі	Балаларға ұлттық ойын «Шіге» асық ойынын үйрету және нақтылыққа, ептілікке тәрбиелеу.	1
12	«Тас қала» ойыны және иірімі	Балаларға ұлттық ойын «Тас қала» асық ойынын үйрету және ойынның мазмұнын сақтауға дағдыландыру.	1
13	«Ханталапай» ойыны және иірімі	Балаларға ұлттық ойын «Ханталапай» асық ойынын үйрету. Ұжымдық бірлікке және шапшаңдыққа баулу.	1
14	«Хан алшы» ойыны	Балаларға ұлттық ойын «Хан алшы» асық ойынын үйрету. Ұстамдылық пен ептілік қасиеттеріне баулу.	1
15	«Үш табан» ойыны	Балаларға ұлттық ойын «Үш табан» асық ойынын үйрету. Балалардың жылдамдығын жеделдету, нерв жүйелерін шыңдау.	1
16	«Қақпақыл» ойыны	Балаларға ұлттық ойын «Қақпақыл» асық ойынын үйрету және байыптылық пен ұстамдылыққа тәрбиелеу.	1
17	«Шеңбер» ойыны	Балаларға ұлттық ойын «Шеңбер» асық ойынын үйрету және өзін – өзі басқара білуге машықтандыру.	1
18	Қорытынды оқу қызметі	Үйретілген асық ойындары бойынша сайыс оздыру, ата – аналарымен бірге үйренгендерін талқылау.	1
	Барлығы:		18

Технологиялық карта № 1

Тақырыбы: Асықтың шығу тарихы

Мақсаты: балаларды асықтың шығу тарихымен таныстыру, асық туралы жалпы мәлімет беру. Дені сау, білімді ұрпақ тәрбиелеу.

Қолданылатын құралдар: тақырыптық суреттер, түрлі асықтар

№	Оқу қызмет мазмұны	Балалардың іс-әрекеті
Себеппі қызығушылығын ояту кезеңі	Кіріспе бөлім: Балалармен амандасу. Балалардың көңіл-күйлерін сұрау.	Балалар тәрбиешімен амандасады. Тәрбиешінің сұрақтарына жауап береді.
Ұйымдастырушылық – ізденіс кезеңі	Негізгі бөлім: Балалар, біз бүгін ұлттық ойын, салт-ғұрыпқа бай халқымыздың көнеден келе жатқан дәстүрінің бірі – асық ойынының шығу тарихымен, жалпы асықпен танысамыз. Асық – төрт түлік мал мен аңдар тілерсегінде болатын, бітісі бөлек, қызметі аса күрделі, буынға біткен шымыр сүйек. Ешкі, қой, сиыр, түйе асығы үлкен-кішілігіне қарамастан сыртқы формасы бір пішіндес, мүсіндес зат. Аңдардың да тілерсек тұсында болады. Қазақта асық қасиетті саналады. Баласы ұл болса, бесігінің басына бөрінің асығын іледі. Бөле-жаладан аулақ, шымыр-қайратты болсын дегені. Қыз болса, бесігіне еліктің асығын тағады. Сұлу, көрікті болып бойжетсін деп ырымдағаны. Асық ойыны – қазақ халқының ежелгі өте кең тараған ұлттық ойын түрлерінің бірі. (слайд арқылы асықтардың түрлері, шығу тарихы көрсетіледі) Сергіту сәті: Терезенді аш, Жасағанда жаттығу. Қажет емес, қажет емес аптығу,	Балалар мұқият тыңдайды. Суреттер арқылы асық түрлерімен танысады, слайд тамашалайды.

	Бір, екі, үш білегімде күш. Бір, екі, үш аяғымда күш. Ойын: «Шық етер» Шарты: көп бала ойнаса, өте қызықты болады. Түзу сызыққа қатар тігілген кенейлерді алыстан (бес-алты адам) кезектесіп атады.	Сергіту сәтін орындайды. Ойынға қызығушылықпен қатысады.
Оқу қызметті бақылау кзеңі	Қорытынды бөлім: Балаларға өткен тақырып бойынша сұрақтар қою. -кімнің үйінде асық бар? -кім асық ойнау біледі? Оқу қызметке жақсы қатысқан балаларды мадақтау.	Балалар сұраққа жауап береді.

Күтілетін нәтиже:

Орындайды:	тәрбиешінің берген тапсырмаларын
Түсінеді:	асықтың шығу тарихын, жалпы асық туралы мәліметті
Қолданады:	өздерінің асық туралы түсініктерін

Технологиялық карта № 2

Тақырыбы: Асық ойынының пайдасы

Мақсаты: асық ойындарының тигізер пайдасы және жүйке жүйесін шыңдауға әсері туралы және асықтың дәлдікке, ұстамдылық пен сабырлылыққа тәрбиелейтіндігін ұғындыру.

Қолданылатын құралдар: түрлі суреттер, асықтар, сызбалар.

№	Оқу қызмет мазмұны	Балалардың іс-әрекеті
Себеппі қызығушылығын ояту кезеңі	Кіріспе бөлім: 1. Жұптасып жүру, жан – жаққа шашырап жүгіру. 2. Бір қатар сапқа тұрғызып, тапсырманы түсіндіру.	Балалар тәрбиешінің көмегімен жұптасып тұруға ыңғайланады және шамамен бір шеңбер жұптасып жүреді, одан кейін тәрбиеші жан – жаққа шашырап жүруге және жүгіруге белгі береді.
Ұйымдастырушылық – ізденіс кезеңі	Негізгі бөлім: Балалар, бүгін бізде ерекше күн. Біз бүгін таза ауада асыр салып асық ойнаймыз. Ойнай білген адамға асықтың пайдасы орасан зор. Асық ойыны адамды мергендікке, ептілікке баулиды. Бұған қоса аяқ – қолдың қимылын жақсартып, денсаулыққа көп пайдасын тигізеді. Асық ойынына Бауыржан Момышұлы атамыз «Асық – үлкен халықтық тәрбие» деп баға беріп, жоғары билікке хат та жазған екен. Асық ойыны баланың жастайынан жүйке жүйесін шыңдап, оларды дәлдікке, ұстамдылық пен сабырлылыққа тәрбиелейді. (суреттер мен сызбалар арқылы асық ойыны туралы түсініктер беріледі, дамытушы сұрақтар қойылады.) Сергіту сәті Бір, екі, үш Қарлығаш боп ұш, Төрт, бес, алты Қарлығаш болып қалқы, Жеті, сегіз, тоғыз, он Қарлығаш боп қон.	Балалар мұқият тыңдайды Балалар суреттерге қарай отырып, асық ойындарымен және оның пайдасымен танысады. Сергіту сәтін орындайды.

	Ендеше бойымызды сергітіп, ойын ойнайық. Ойын: «Арқаласпақ» Шарты: екі бала асықты иіру арқылы кезек-кезек алысып, бірінің сақасын бірі атады. Егер сақа тисе әлгі баланы белгіленген жерге дейін арқалап апару керек.	Ойынға қызығушылықпен қатысады.
Оқу қызметті бақылау кзеңі	Қорытынды бөлім: Балаларға өткен тақырып бойынша сұрақтар қою. Оқу қызметіне белсене қатысқан балаларды асықтармен мадақтау.	Балалар сұраққа жауап береді.

Күтілетін нәтиже:

Орындайды:	шашырап жұптасып жүру мен жүгіруді
Түсінеді:	асық ойынының пайдасын
Қолданады:	ойын ережелерін

Технологиялық карта № 3

Тақырыбы: Асық атаулары мен оны иіру әдістері

Мақсаты: балаларғы асықтың атауларын меңгерту, асық иірудің әдіс – тәсілдерін үйрету. Салауатты өмірге тәрбиелеу.

Қолданылатын құралдар: тақырыпқа сай суреттер, асықтар, слайд, тақия.

№	Оқу қызмет мазмұны	Балалардың іс-әрекеті
Себебі қызығушылығын ояту кезеңі	Кіріспе бөлім: 1. Саппен залға кіру, амандасу. 2. Музыка әуенімен түрлі қимылдар жасай отырып, оқу қызметіне кірісу.	Балалар музыка әуенімен залға кіріп, түрлі қимылдармен көңілдене оқу қызметіне кіріседі.
Ұйымдастырушылық – ізденіс кезеңі	Негізгі бөлім: Балалар, бүгін біз асық атауларымен және оны иіру әдістерімен танысамыз. Асық атаулары: 1. Түйе асығы – бунасын 2. Жылқы асығы – қидасап 3. Сиыр асығы – топай 4. Қой-ешкінікі – кеней 5. Киік асығы – кигат 6. Арқардың асығы – қоңқар 7. Қасқыр асығы – бунақ. Асықты иіру атаулары мен әдістері: Алшы – асықтың иірілгенде тегіс табаны жерге тиіп, тұрық түсуі. Ойын кезінде оған бірінші дәрежелі мән беріледі. Тәйке (тауа) – асықтың иіріленде шұңқырлау табаны жерге тиіп, тұрық түсуі. Ол екінші дәрежелі мәнге ие. Бүге (бүк) – асықтың иірілгенде дөңес жоны үстіне қарап, етпетінен жатық түсуі. Ол үшінші дәрежелі мәнге ие. Шіге (шік) – асықтың иірілгенде шұңқыр құрсақ жағы үстіне қарап, шалқасынан жатық түсуі. Ол төртінші дәрежелі мәнге ие.	Балалар бірге қайталайды. Балалар мұқият тыңдайды Асықты иіру жолдарын үйренеді. Балалар өз беттерінше асық иіріп үйренеді.

	Омпы – асықтың тұмсығымен жер тіреп, тік шаншылып түсуі. Табан – асықтың тәйке жағы. Оңқай – асықтың бүгесі алақанға қарап, тәйкесі оң қол бас бармағына басылып ыңғайлы ұсталуы. Оңқай асық малдың сол жақ аяғының тілерсегінде болады. Солақай – асықтың шігесі сыртқа қарап, алшысы оң қол бас бармағына басылып ыңғайлы ұсталуы. Солақай асық малдың оң жақ аяғының тілерсегінде болады. Сақа – қолдағы бар асықтың үлкенінен, ірісінен, межемдісінен, салмақтысынан, оңқайынан белгіленеді. Солақайлар сақаны солақай асықтан ұстайды. Асық иірудің өз әдістері бар: асықты шиырып-шиырып иірсеңіз, ол сегіз түрлі жағдайда болады: алшы, тәйке, бүге, шіге, қыңжы, тоққа, омпы, шомпы болып жерде жатады, әрине көбінде бүгесі мен шігесі көп болады. Асықты жерге иірген кезде төрт түрлі қалыпта түседі: алшы, бүк, шік, тәйке. «Тақия тастамақ» ұлттық ойыны. Шарты: Тәрбиеші тақияны алып ойыншылардың артымен жүре отырып, бір ойыншының артына тастап кетеді. Қалғандары соны табы керек.	Ойынға қызығушылықпен қатысады
Оқу қызметті бақылау кзеңі	Қорытынды бөлім: Балаларға сұрақтар қою арқылы оқу қызметін қорытындылау. Оқу қызметіне және ойынға жақсы қатысқан балаларды мадақтау.	Балалар сұраққа жауап береді.

Күтілетін нәтиже:

Орындайды:	тәрбиешінің берген тапсырмаларын
Түсінеді:	асық түрлерінің аталуы мен оны иіруін
Қолданады:	асықты иіру әдістерін

Технологиялық карта № 4

Тақырыбы: Асық туралы өлең, тақпақтар

Мақсаты: асық туралы өлең жолдарын және тақпақтарды үйрету. Өз беттерінше орындауға дағдыландыру.

Қолданылатын құралдар: асықтар, өлең кітапшалары, суреттер.

№	Оқу қызмет мазмұны	Балалардың іс-әрекеті
Себепті қызығушылығын ояту кезеңі	Кіріспе бөлім: Сәлеметсіздер ме, балалар! Үлкенге де сіз! Кішіге де сіз! Бар адамға құрметпен, бас иеміз біз! Балалар әуенмен оқу қызметіне отырғызылады.	Балалар амандасады.
Ұйымдастырушылық – ізденіс кезеңі	Негізгі бөлім: Балалар, қазақ халқының ұлттық ойындарының көбі табиғи заттармен ойнауға негізделген. Асық ойындары – қазақ халқының ұлттық ойындарының бірі болып табылады. Өткен ғасырдың басында осы асық туралы өлеңдер, тақпақтар көп болған. Бұл өлеңдерді Наурыз мейрамында және бос уақыттарымызда айтсақ болады. Халық әні: «Ләй - ләй»: Шеки алып қолыма, Асық ойнап ләй-ләй Мұнша бала таңқалып, Тұрсақ ойнап ләй-ләй. Кешке дейін асықты Ойнап едік ләй-ләй. Қызығына ойынның, Тоймап едік ләй-ләй. Осы асықпен жетілген, Батырларым ләй-ләй. Бұл асықты ойнаған, Ақындарым ләй-ләй. Асық туралы тақпақтар: Ал, ойналық, балалар, Әр асықта баға бар.	Тәрбиешіні мұқият тыңдай отырып, асық туралы өлеңдерді, тақпақтарды жаттап үйренеді. Балалар өлеңді тәрбиешімен бірге қайталап, жаттап алуға тырысады.

	Ұта білген баланы – Әрбір бала бағалар. Шиыр, кәне, асықты, Таңда және қашықты. Алшы тұрғыз сақаны, Қаламаймыз жасықты! Басу қиын ұтқышты, Мынау сақа бүк түсті. Енді қара мынаған – Анау сақа шік түсті.	Тақпақтар топпен және жеке – жеке қайталанады, жаттауға дағдыланады.
Оқу қызметті бақылау кезеңі	Қорытынды бөлім: Балаларға асық туралы үйретілген өлең мен тақпақтар қайталанып, оқу қызметі қорытындыланады. Белсене қатысқан балаларды мадақтау.	Балалар үйренгендерін қайталайды және сұрақтарға жауап береді.

Күтілетін нәтиже:

Орындайды:	асық туралы өлеңді айтуды
Түсінеді:	асық туралы өлең – тақпақтар бар екенін
Қолданады:	үйренген өлең – тақпақтарын күнделікті айта білуді

Технологиялық карта № 5

Тақырыбы: «Құмар» ойыны

Мақсаты: балаларға ұлттық ойын «Құмар» асық ойынын үйрету және шапшаңдыққа, ептілікке тәрбиелеу.

Қолданылатын құралдар: тақырыптық суреттер, асықтар.

№	Оқу қызмет мазмұны	Балалардың іс-әрекеті
Себепті қызығушылығын ояту кезеңі	Кіріспе бөлім: Балалар, асық атаулары мен оны иіру әдістерін білеміз бе? Қандай асық ойындарын білесіздер және оны кімнен үйрендіңдер?	Балалар тәрбиешінің сұрақтарына жауап береді.
Ұйымдастырушылық – ізденіс кезеңі	Негізгі бөлім: Бүгін біз асық ойынының бір түрі - «Құмар» ойынын ойнап үйренеміз. Бұл ойынды үлкен-кіші демей ойнай береді. Ойынға қатынасушылардың саны 5-6 адамнан аспауы керек. «Құмар» — үйде, аулада, таңыр, тегіс жерде отырып ойнайтын ойын. Ойынға төрт асық қажет. Олар мұқият тазартылып, түрлі-түсті бояуға боялады. Ойынды кімнің бірінші болып бастайтынын асық иіру арқылы шешеді. Алшы-бірінші, тәйке-екінші, бүге-үшінші, шіге-төртінші т.с. кезек алады. «Құмар» деп сол төрт асықтың бір түрлі түсуін айтады. Мысалы төртеуі де алшы түссе — «Құмар» болады, ол төрт ұпай алады, тәйке-үш, бүге-екі, шіге-бір ұпайдан алады. Ойыншы төрт асықты уысына алады да, қолын тұқыртып ішке қарай айландыра еденге шаша тастайды немесе алақанына салып, қолын сыртқа қарай серпіп, еденге тастай береді. Ұтылған адам ұпай төлейді. Келісім бойынша ән айтып, күй шертеді.	Тәрбиешіні мұқият тыңдап алғаннан кейін, «Құмар» ойыны ойнатылады. Балалар түсініп алғанша тәрбиеші көмектеседі, содан соң өздері ойнайды.

Оқу қызметті бақылау кезеңі	Қорытынды бөлім: Балалармен «Құмар» ойынының ойналу жолдарын талдау. Суреттер арқылы сұрақтарға жауап бергізу. Белсене қатысқан балаларды таңбаланған асықтар арқылы мадақтау.	Балалар ойынның ережесін айтып береді және асықтар алуға ынталанады.
-----------------------------	--	--

Күтілетін нәтиже:

Орындайды:	ойын ережесіне сай ойнауды
Түсінеді:	«Құмар» ойынын түсініп ойнауды
Қолданады:	кез – келген уақытта өзбетімен ойнауды

Технологиялық карта № 6

Тақырыбы: «Омпы» ойыны және иірімі

Мақсаты: балаларға ұлттық ойын «Омпы» асық ойынын үйрету және ойынның шарттарын сақтауға дағдыландыру.

Қолданылатын құралдар: түрлі – түсті суреттер, асықтар.

№	Оқу қызмет мазмұны	Балалардың іс-әрекеті
Себеппі қызығушылығын ояту кезеңі	Кіріспе бөлім: Залға әуенмен кіру, амандасу. Өткен оқу қызметтерін еске түсіру, сұрақтар қою арқылы нақтылау.	Балалар тәрбиешінің сұрақтарына жауап береді.
Ұйымдастырушылық – ізденіс кезеңі	Негізгі бөлім: Бүгін біз асық ойынының бір түрі - «Омпы» ойынын ойнап үйренеміз. Бұл ойынды көбінесе бозбалалар ойнайды. Оны таза ауада аланда, не үлкен бөлмелерде ойнауға болады. Ойнаушылардың санына шек қойылмайды. Ойынның мақсаты – асық ұту. Ойнаушылар арасы 20 қадам екі көн сызады да біріншісіне төрт бұрыш жасайды (оның көлемі өзара келісіледі) дәл ортасындағы сызыққа әрбір ойыншы өздерінің асықтарын тігеді. Тігілген асықтардың ортасына бір асық мұртынан «Омпы» тұрғызады. Ойнаушылар екінші белгіленген жерден бірінің артына бірі тұрып әркімнің өз кезектері бойынша, қолдарындағы сақаларымен «омпыны» ата бастайды. Егер кімде-кім омпыға тигізсе және оны төрт бұрыштың шетіне шығарса, онда көндегі асықты түгел алады. Ал омпыға тимей, жанындағы асықтарға тисе, оны да төрт бұрыштың шетіне шығара алса, онда сол атқан асығын ғана алады. Асық таусылған сайын, көнге асық қайтадан тігіліп отырылады. Ойын жалғаса береді.	Тәрбиешіні мұқият тыңдап алғаннан кейін, «Омпы» ойыны ойнатылады. Балалар түсініп алғанша тәрбиеші көмектеседі, содан соң өздері ойнайды.

Оқу қызметті бақылау кезеңі	Қорытынды бөлім: Балалармен «Омпы» ойынының ойналу жолдарын талдау. Суреттер арқылы сұрақтарға жауап бергізу. Оқу қызметіне және ойынға жақсы қатысқан балаларға түрлі – түсті суреттер үлестіру арқылы мадақтау.	Балалар ойынның ережесін айтып береді және түрлі – түсті суреттер алуға ынталанады.
-----------------------------	---	---

Күтілетін нәтиже:

Орындайды:	ойын ережесіне сай ойнауды
Түсінеді:	«Омпы» ойынын түсініп ойнауды
Қолданады:	кез – келген уақытта өзбетімен ойнауды

Технологиялық карта № 7

Тақырыбы: «Асықты тігіп ойнау» ойыны және иірімі

Мақсаты: балаларға ұлттық ойын «Асықты тігіп ойнау» асық ойынын үйрету және дәлдікке, мергендікке баулу.

Қолданылатын құралдар: суреттер, асықтар, ойын ережесі туралы слайд.

№	Оқу қызмет мазмұны	Балалардың іс-әрекеті
Себеппі қызығушылығын ояту кезеңі	Кіріспе бөлім: Залға әуенмен кіру, амандасу. Өткен оқу қызметтерін еске түсіру, сұрақтар қою арқылы нақтылау.	Балалар тәрбиешінің сұрақтарына жауап береді.
Ұйымдастырушылық – ізденіс кезеңі	Негізгі бөлім: Балалар, біздер қандай асық ойындарын үйреніп едік? Ал бүгін «Асықты тігіп ойнау» ойынын ойнап үйренеміз. Бір топ бала жиылып келіп, тегіс жерді таңдап алады да оны тазартып, ортадан төрт бұрышты сызық сызады. Сол төрт бұрышты ортасынан тең етіп екіге бөледі. Әр жағының қашықтығы балалардың жас мөлшеріне қарай белгіленеді. Сонда 1-1,20 см немесе 1,5 метрге дейін болады. Мұны «көн» деп атайды. Сонда ойнаушылардың өзара келісімі бойынша көннен 4-5 м. не одан да көп мөлшерде асық ататын орын белгіленеді. Оны сызықпен белгілейді. Ойыншылар осы жерден тұрып көндегі асықты ататын болады. Ойынды кім бірінші болып бастайтынын сақа иіру арқылы анықтайды. Сақасы алшы түскен ойыншы бірінші болып ату кезегін алады. Ойыншы асыққа дәл тигізіп, оны көнбе сызығынан шығарса, оны алады да, сақасы түскен жерден қайта атады. Сөйтіп көннен шығарғандарын ала береді. Егер оның сақасы көндегі асыққа тимей кетсе, асықты келесі ойыншы атады. Ал тігілген	Тәрбиешіні мұқият тыңдап алғаннан кейін, «Асықты тігіп ойнау» ойыны ойнатылады. Балалар түсініп алғанша тәрбиеші көмектеседі, содан соң өздері ойнайды.

	асықтарды бұзып, бірақ көннен шығара алмаса, қалған ойыншылар асықтарды сол жатқан қалпында атып, көннен шығарып алуға тиіс. Ойын көндегі асықтар бойынша біткенше ойнала береді. Көндегі асық біткен соң, ойынға қатынасушылар бір-бірден көнге қайта асық тігіп, ойын қайта басталып, жалғаса береді.	
Оқу қызметті бақылау кезеңі	Қорытынды бөлім: Балалармен «Асықты тігіп ойнау» ойынының ойналу жолдарын талдау. Слайд арқылы сұрақтарға жауап бергізу. Оқу қызметіне және ойынға жақсы қатысқан балаларды жұлдызшалармен мадақтау.	Балалар ойынның ережесін айтып береді және жұлдызшалар алуға ынталанады.

Күтілетін нәтиже:

Орындайды:	ойын ережесіне сай ойнауды
Түсінеді:	«Асықты тігіп ойнау» ойынын түсініп ойнауды
Қолданады:	кез – келген уақытта өзбетімен ойнауды

Технологиялық карта № 8

Тақырыбы: «Алшы» ойыны және иірімі

Мақсаты: балаларға ұлттық ойын «Алшы» асық ойынын үйрету және ойынның шарттарын сақтауға дағдыландыру.

Қолданылатын құралдар: суреттер, асықтар, асық ойыны туралы бейнеролик.

№	Оқу қызмет мазмұны	Балалардың іс-әрекеті
Себепті қызығушылығын ояту кезеңі	Кіріспе бөлім: Залға әуенмен кіру, амандасу. Өткен оқу қызметтерін еске түсіру, сұрақтар қою арқылы нақтылау.	Балалар тәрбиешінің сұрақтарына жауап береді.
Ұйымдастырушылық – ізденіс кезеңі	Негізгі бөлім: Бүгін біз асық ойынының бір түрі - «Алшы» ойынын ойнап үйренеміз. Бұл ойында тігілген асықтарды атуға жарамды сақа таңдап алынады. Сақа болатын асық салмақты, ірі болуға тиіс. Ол көбінесе еркек қойлардың, не қошқарлардың асығы болып келеді. «Алшы ойыны» сақаның салмақты да алшы тұрғыштығына байланысты. Бұл ұту үшін өте қажет. «Алшы ойынын» ойнаушыларға шек қойылмайды. Ойын басталар алдында, ойын жүргізуші, барлығының сақаларын жинап алып, ойында әркімнің кезегін белгілеу үшін, яғни, кімнен кейін кім асық ату керектігін анықтау үшін, сақаларды иіреді. Иірген кезде кімнің сақасы алшы түссе, сол бірінші, тәйке түссе екінші, бүк түссе үшінші, шік түссе одан кейін асық ататын болады. Атқан кезде сақасы мен асығы бір жақты түссе, атқан асығын алып, әрі қарай ата береді. Енді бірде асық атқан кезде сақасы алшы түсіп, асық кез келген жағында жатса да асықты алады, тағы атады, ал сақа мен асық екеуі екі түрлі түссе, онда алмайды.	Тәрбиешіні мұқият тыңдап алғаннан кейін, «Алшы» ойыны ойнатылады. Балалар түсініп алғанша тәрбиеші көмектеседі, содан соң өздері ойнайды.

	Ол атуды тоқтатып, кезекті келесі ойыншыға береді. Екінші ойыншы өз кезегінде сақасын иірген кезде тәйке түссе, онда өзінен кейін кезекте тұрған ойыншы көмбеде тұрып оның тәйке түскен сақасын атады, тигізсе, сақа иесі ойыннан шығып қалады, тигізе алмаса, өзі ойыннан шығады. Кезек алу үшін сақаларын иірген кезде бүк, шік түскен ойыншылар өз кезектерімен көнге тігілген асықты ата береді. Осы ретпен көндегі асықты атып тауысқанға дейін ойнайды да, асықтарын қайта тігіп, ойынды жалғастыра береді.	Әр бала өз сақасын таңдай отырып, ойын ережесіне сай сақаларын иіріп ойнайды.
Оқу қызметті бақылау кезеңі	Қорытынды бөлім: Балалармен «Алшы» ойынының ойналу жолдарын талдау. Асық ойыны туралы бейнеролик көрсету. Оқу қызметіне және ойынға жақсы қатысқан балаларды мадақтау.	Балалар ойынның ережесін айтып береді. Бейнероликті тамашалайды.

Күтілетін нәтиже:

Орындайды:	ойын ережесіне сай ойнауды
Түсінеді:	«Алшы» ойынын түсініп ойнауды
Қолданады:	кез – келген уақытта өзбетімен ойнауды

Технологиялық карта № 9

Тақырыбы: «Тәйке» ойыны және иірімі

Мақсаты: балаларға ұлттық ойын «Тәйке» асық ойынын үйрету және көздеп ата білуге тәрбиелеу

Қолданылатын құралдар: тақырыпқа сай суреттер, асықтар, ойын ережесі туралы сызбалар.

№	Оқу қызмет мазмұны	Балалардың іс-әрекеті
Себепті қызығушылығын ояту кезеңі	Кіріспе бөлім: Залға әуенмен кіру, амандасу. Ортада жатқан асықтарды таңдау арқылы топтарға бөлу.	Балалар тәрбиешімен бірге асықтарды таңдап, топтарға бөлінеді.
Ұйымдастырушылық – ізденіс кезеңі	Негізгі бөлім: Бүгін біз асық ойынының бір түрі - «Тәйке» ойынын ойнап үйренеміз. Бұл ойынға арнайы сақа таңдап алынады. «Тәйке ойынын» ойнаушыларға шек қойылмайды. Ойын басталар алдында, ойын жүргізуші, барлығының сақаларын жинап алып, ойында әркімнің кезегін белгілеу үшін, яғни, кімнен кейін кім асық ату керектігін анықтау үшін, сақаларды иіреді. Иірген кезде кімнің сақасы алшы түссе, сол бірінші, тәйке түссе екінші, бүк түссе үшінші, шік түссе одан кейін асық ататын болады. Атқан кезде сақасы мен асығы бір жақты түссе, атқан асығын алып, әрі қарай ата береді. Енді бірде асық атқан кезде сақасы алшы түсіп, асық кез келген жағында жатса да асықты алады, тағы атады, ал сақа мен асық екеуі екі түрлі түссе, онда алмайды. Ол атуды тоқтатып, кезекті келесі ойыншыға береді. Екінші ойыншы өз кезегінде сақасын иірген кезде тәйке түссе, онда өзінен кейін кезекте тұрған ойыншы көмбеде тұрып оның тәйке түскен сақасын атады, тигізсе,	Тәрбиешіні мұқият тыңдап алғаннан кейін, «Тәйке» ойыны ойнатылады. Балалар түсініп алғанша тәрбиеші көмектеседі, содан соң өздері ойнайды. Әр бала өз сақасын таңдай отырып, ойын ережесіне сай

	сақа иесі ойыннан шығып қалады, тигізе алмаса, өзі ойыннан шығады. Кезек алу үшін сақаларын иірген кезде бүк, шік түскен ойыншылар өз кезектерімен көнге тігілген асықты ата береді. Осы ретпен көндегі асықты атып тауысқанға дейін ойнайды да, асықтарын қайта тігіп, ойынды жалғастыра береді. Балаларға «Тәйке» ойынына сай асық иірімдері үйретіледі.	сақаларын иіріп ойнайды. Балалар асық иірімдерін қайталау арқылы үйренеді.
Оқу қызметті бақылау кезеңі	Қорытынды бөлім: Балалармен «Тәйке» ойынының ойналу жолдарын талдау, сызба арқылы не түсінгендерін қорытындылау. Оқу қызметіне және ойынға жақсы қатысқан балаларды мадақтау.	Балалар ойынның ережесін айтып береді. Сызбамен жұмыс жасауды меңгереді.

Күтілетін нәтиже:

Орындайды:	ойын ережесіне сай ойнауды
Түсінеді:	«Тәйке» ойынын түсініп ойнауды
Қолданады:	кез – келген уақытта өзбетімен ойнауды

Технологиялық карта № 10

Тақырыбы: «Бүге » ойыны және иірімі

Мақсаты: балаларға ұлттық ойын «Бүге » асық ойынын үйрету және топтаса ойнай білуге тәрбиелеу.

Қолданылатын құралдар: суреттер, түрлі асықтар, ойын ережесі туралы слайд.

№	Оқу қызмет мазмұны	Балалардың іс-әрекеті
Себеппі қызығушылығын ояту кезеңі	Кіріспе бөлім: Залға әуенмен кіру, амандасу. Асықтардың түстеріне қарай өз орындарын табу, жұптасу.	Балалар тәрбиешімен бірге асықтарды таңдап, топтарға бөлінеді.
Ұйымдастырушылық – ізденіс кезеңі	Негізгі бөлім: Асық ойынының тағы бір түрі - «Бүге » ойынын ойнап үйренеміз. Бұл ойынға түрлі асықтар таңдап алынады. « Бүге» ойынын ойнаушылар саны оннан аспауы керек. Ойын басталар алдында әркім асығын иіріп, бүге түскендері бастайды. Асықтары бүге түспегендері қайтадан иіріп, ойынды жалғастыра береді. Егер кімде-кімнің асығы бүге түспесе - асығынан айырылады. Ойын соңында асық ұтып алған ойыншылар асықтарын санап, жеңімпаз анықталады. Ұтылып қалған ойыншылар айыптарын әнмен, бимен өтейді. Содан соң балаларға «Бүге» ойынына сай асық иірімдері үйретіледі.	Тәрбиешіні мұқият тыңдап алғаннан кейін, «Бүге» ойыны ойнатылады. Балалар түсініп алғанша тәрбиеші көмектеседі, содан соң өздері ойнайды. Балалар асық иірімдерін қайталау арқылы үйренеді.

Оқу қызметті бақылау кезеңі	Қорытынды бөлім: Балалармен «Бүге» ойынының ойналу жолдарын талдау, слайд арқылы не түсінгендерін қорытындылау. Оқу қызметіне және ойынға жақсы қатысқан балаларды мадақтау.	Балалар ойынның ережесін айтып береді. Өз ойларын ашық айтып дағдыланады.
--------------------------------	--	--

Күтілетін нәтиже:

Орындайды:	ойын ережесіне сай ойнауды
Түсінеді:	«Бүге» ойынын түсініп ойнауды
Қолданады:	кез – келген уақытта өзбетімен ойнауды

Технологиялық карта № 11

Тақырыбы: «Шіге» ойыны және иірімі

Мақсаты: балаларға ұлттық ойын «Шіге » асық ойынын үйрету және нақтылыққа, ептілікке тәрбиелеу.

Қолданылатын құралдар: тақырыпқа сай суреттер, әртүрлі асықтар, ойыншықтар.

№	Оқу қызмет мазмұны	Балалардың іс-әрекеті
Себепті қызығушылығын ояту кезеңі	Кіріспе бөлім: Тәрбиешімен бірге залға әуенмен кіру, амандасу. Екі топқа бөліп отырғызу, топ басшыларын тағайындау.	Балалар тәрбиешімен бірге топтарға бөлінеді, топ басшыларын сайлайды.
Ұйымдастырушылық – ізденіс кезеңі	Негізгі бөлім: Асық атауларына байланысты ойналатын ойын атаулары да өте көп. Соның бір түрі- «Шіге » деп аталады. Ойынға бірнеше ойыншы қатысуға болады, тек олар екі топқа бөлініп ойнайды. Ойын басталмас бұрын топ басшылары, яғни жетекші тағайындалып алынады. Ойыншылар топтаса отырып асықтарын бір қатарға тізіп шығады. Содан соң қарсы команданың ойыншылары кезекпен келіп, тізілген асықтарды атады. Топ жетекшісі неше асықтың шіге түскенін санайды. Содан соң керісінше қарсы команда солай орындайды. Оның жетекшісі де солай шіге түскен асықтарды санап шығады. Ұпай саны көп команда жеңімпаз болып саналады. Содан соң балаларға «Шіге» ойынына сай асық иірімдері үйретіледі.	Тәрбиешіні мұқият тыңдап алғаннан кейін, «Шіге» ойыны ойнатылады. Балалар түсініп алғанша тәрбиеші көмектеседі, содан соң өздері ойнайды. Асық иірімдерін қайталау арқылы үйренеді.

Оқу қызметті бақылау кезеңі	Қорытынды бөлім: Балалармен «Шіге» ойынының айналу жолдарын талдау, қалай түсінгендерін қорытындылау. Оқу қызметіне және ойынға жақсы қатысқан балаларды ойыншықтармен мадақтау.	Балалар ойынның ережесін айтып береді. Өз ойларын ашық айтып дағдыланады.
--------------------------------	--	---

Күтілетін нәтиже:

Орындайды:	ойын ережесіне сай ойнауды
Түсінеді:	«Шіге» ойынын түсініп ойнауды
Қолданады:	кез – келген уақытта өзбетімен ойнауды

Технологиялық карта № 12

Тақырыбы: «Тас қала» ойыны және иірімі

Мақсаты: балаларға ұлттық ойын «Тас қала» асық ойынын үйрету және ойынның мазмұнын сақтауға дағдыландыру.

Қолданылатын құралдар: тақырыпқа сай суреттер, әртүрлі асықтар.

№	Оқу қызмет мазмұны	Балалардың іс-әрекеті
Себеппі қызығушылығын ояту кезеңі	Кіріспе бөлім: Тәрбиешімен бірге залға әуенмен кіру, амандасу. Оқу қызметіне кіріспес бұрын асық ойындары жөнінде білетіндерін еске түсіру, үйренген ойындарын атау.	Балалар тәрбиешімен бірге асық ойындарын еске түсіреді, білетін ойындарын атайды.
Ұйымдастырушылық – ізденіс кезеңі	Негізгі бөлім: Балалар, бүгін біз тағы бір асық ойынын үйренетін боламыз. Оның атауы - «Тас қала » деп аталады. Ойынға қатынасушыларға шек қойылмайды. Олар тегіс жерді таңдап алып шеңбер сызады да, дәл ортасына асықтарды бірінің үстіне бірін пирамида етіп жияды. Сонан соң асық тігілген жерден ойынға қатынасушылардың жас ерекшелігіне орай көн белгіленеді. Оның қашықтығы 7 – 8 метрден кем болмайды. Ойынды бірінші болып бастайтын ойыншыны анықтау үшін сақаларын иіреді. Кімнің сақасы бұрын алшы түссе ойынды сол бастап, қалғандары да осы тәртіппен өз кезектерін алады. Алшы бірінші, тәйке екінші, бүге үшінші, шіге төртінші. Егер ойыншының асығы омпта түссе, онда ол алшыдан жоғары болып есептеледі де, бірінші орынды сол алады. Егер де екі не үш адамның асығы бірдей не алшы не бүк, не шік, не тәйке түссе, онда сақалар қайта иіріледі. Атушы «Тас қалаға» сақасын	Тәрбиешіні мұқият тыңдап алғаннан кейін, «Тас қала» ойыны ойнатылады. Балалар түсініп алғанша тәрбиеші көмектеседі, содан соң өздері ойнайды.

	дәл тигізіп, бір асықты шеңберден шығарса, ойынды жалғастырып, сақасы түскен жерден қайта атады. Шеңберден атып шығарған асықтарын ала береді. Егер бірінші атушы тигізе алмаса, онда екінші ойыншы атады. Егер атқан ойыншы «Тас қаланы» бұзып, бірақ асықты шеңберден шығара алмаса, онда айыбын қосып «Тас қаланы» қайта тұрғызады. Егер атушы тас қаланы бұзып бір асықты шеңберден шығарса, онда қалған асықтарды шеңберден шығара алғанға дейін ата береді. Қалған ойыншыларды бұзылған «Тас қаланың» бытырап жатқан қалдықтарын атып алады. Көнде жатқан асықтар түгелдей біткен соң, ойын қайта басталады. Содан соң балаларға «Тас қала» ойынына сай асық иірімдері үйретіледі.	Балалар асық иірімдерін қайталау арқылы үйренеді.
Оқу қызметті бақылау кезеңі	Қорытынды бөлім: Балалармен «Тас қала» ойынының ойналу жолдарын талдау, қалай түсінгендерін қорытындылау. Оқу қызметіне және ойынға жақсы қатысқан балаларды асықтармен мадақтау.	Балалар ойынның ережесін айтып береді. Өз ойларын ашық айтып дағдыланады.

Күтілетін нәтиже:

Орындайды:	ойын ережесіне сай ойнауды
Түсінеді:	«Тас қала» ойынын түсініп ойнауды
Қолданады:	кез – келген уақытта өзбетімен ойнауды

Технологиялық карта № 13

Тақырыбы: «Ханталапай» ойыны және иірімі

Мақсаты: балаларға ұлттық ойын «Ханталапай» асық ойынын үйрету. Ұжымдық бірлікке және шапшаңдыққа баулу.

Қолданылатын құралдар: тақырыпқа сай суреттер, әртүрлі асықтар жинағы.

№	Оқу қызмет мазмұны	Балалардың іс-әрекеті
Себепті қызығушылығын ояту кезеңі	Кіріспе бөлім: Тәрбиешімен бірге залға әуенмен кіру, амандасу. Шашылған асықтарға назар аудара отырып, орналасу бағыттарын байқату және назар аударту.	Балалар тәрбиешімен бірге асық ойындарын еске түсіреді. Асықтардың орналасу ретін айтып береді, есте сақтауға тырысады.
Ұйымдастырушылық – ізденіс кезеңі	Негізгі бөлім: Бүгін біз тағы да жаңа бір ойынмен танысатын боламыз. Ол ойын топпен ойналады және шапшаңдықты, сабырлықты талап етеді. Асықпен ойналатын ойынның тағы бір түрі — «Хан талапай». Ойынды үлкендердің басшылығымен жас балалар ойнайды. Ойынға қатынасусы балалардың санына шек қойылмайды. Олар ойын жүргізушінің айналасына жарты шеңбер құрып отырысады. Ойын жүргізуші қолындағы асықты «хан талапай» деп ортаға қарай шашып жібереді. Отырғандар тез-тез жиып алулары керек. Кім аз жиып алса, сол жеңілген болып есептеледі. Ойынның мақсаты — балалардың жылдамдығын жеделдету, нерв жүйелерін шыңдау, тілін дамытып, есте сақтау қабілеттерін жетілдіру. Содан соң балаларға «Ханталапай» ойынына сай асық иірімдері үйретіледі	Тәрбиешіні мұқият тыңдап алғаннан кейін, «Ханталапай» ойыны ойнатылады. Балалар түсініп алғанша тәрбиеші көмектеседі, содан соң өздері ойнайды. Балалар асық иірімдерін қайталау арқылы үйренеді.

Оқу қызметті бақылау кезеңі	Қорытынды бөлім: Балалармен «Ханталапай» ойынының ойналу жолдарын талдау, қалай түсінгендерін қорытындылау. Оқу қызметіне және ойынға жақсы қатысқан балаларды асықтармен мадақтау.	Балалар ойынның ережесін айтып береді. Өз ойларын ашық айтып дағдыланады.
--------------------------------	---	---

Күтілетін нәтиже:

Орындайды:	ойын ережесіне сай ойнауды
Түсінеді:	«Ханталапай» ойынын түсініп ойнауды
Қолданады:	кез – келген уақытта өзбетімен ойнауды

Технологиялық карта № 14

Тақырыбы: «Хан алшы» ойыны

Мақсаты: балаларға ұлттық ойын «Хан алшы» асық ойынын үйрету. Ұстамдылық пен ептілік қасиеттеріне баулу.

Қолданылатын құралдар: тақырыпқа сай суреттер, әртүрлі асықтар жинағы.

№	Оқу қызмет мазмұны	Балалардың іс-әрекеті
Себепті қызығушылығын ояту кезеңі	Кіріспе бөлім: Тәрбиешімен бірге залға әуенмен кіру, амандасу. Шашылған асықтарға назар аудара отырып, орналасу бағыттарын байқату және назар аударту.	Балалар тәрбиешімен бірге асық ойындарын еске түсіреді. Асықтардың орналасу ретін айтып береді, есте сақтауға тырысады.
Ұйымдастырушылық – ізденіс кезеңі	Негізгі бөлім: Бүгін біз тағы да жаңа бір ойынмен танысатын боламыз. Асықпен ойнайтын ойынның бір түрі- «Хан алшы» ойыны. Ойынға қатынасушыларға шек қойылмайды. Ойынға қатынасушылар көнге қаншадан асық шығаратынын алдын ала келісіп алады. Көнге жиналған асықтарды бір жерге басып қосып біріктіреді. Сонан кейін көп асықтың ішінен бір белгілі асықты «хан» сайлайды. Екінші ойыншылар көнге жиналған (әр ойыншы не бес, не он асықтан қосуға тиіс) асықты иіретін ойын жүргізуші тағайындап алады. Ол жиналған асықты ортаға екі қолдап иіріп тастай береді. Барлық асықтарды иіріп болған кезде «хан» көп асықтың арасында көрінбей қалуы мүмкін, мұндай жағдайда ойнаушылардың барлығы асықты иірушінің «ханды қара басты» деген даусын естігеннен кейін бассалып асықтарды талап алады. Екінші жағдайда иірген асықтардың	Тәрбиешіні мұқият тыңдап алғаннан кейін, «Хан алшы» ойыны ойнатылады. Балалар түсініп алғанша тәрбиеші көмектеседі, содан соң өздері ойнайды.

	арасында «хан» ашық жатса, онда «ханмен» бүк жатқан асықты ату керек, ойын солай жалғаса береді. Ойынның шарты бойынша «Ханмен» асықты атқан кезде басқа асықтарды қозғауға болмайды. Сөйтіп, ойын шарты бұзылғанға дейін немесе барлық асық атылып болғанға дейін ойын жүре береді. Бұл ойын ойыншыдан өте ептілікті талап етеді. Егерде ойыншы, қалай болса солай, дәрекілік көрсетсе, қимылында ептілік болмаса, онда ол ойыншы ұтылады. Сондықтан ойын қатынасұшылардан байыптылық, ұстамдылықпен қоса өте ептілік қасиеттерді талап етеді. Бұл ойын арқылы жақсы дәстүрге тәрбиеленеміз, өзін-өзі басқара білуге машықтанамыз.	
Оқу қызметті бақылау кезеңі	Қорытынды бөлім: Балалармен «Хан алшы» ойынының ойналу жолдарын талдау, қалай ойналатындығын айтып, қорытындылау. Белсене қатысқан балаларды түрлі асықтармен мадақтау.	Балалар белсенділік танытып, басшы болуға және сабырлық пен төзімділік сақтауға дағдылананады. Балалар ойынның ережесін айтып береді. Өз ойларын ашық айтып дағдыланады.

Күтілетін нәтиже:

Орындайды:	ойын ережесіне сай ойнауды
Түсінеді:	«Хан алшы» ойынын түсініп ойнауды
Қолданады:	кез – келген уақытта өзбетімен ойнауды

Технологиялық карта № 15

Тақырыбы: «Үш табан» ойыны

Мақсаты: балаларға ұлттық ойын «Үш табан» асық ойынын үйрету. Балалардың жылдамдығын жеделдету, нерв жүйелерін шыңдау.

Қолданылатын құралдар: тақырыпқа сай суреттер, әртүрлі асықтар жинағы.

№	Оқу қызмет мазмұны	Балалардың іс-әрекеті
Себепті қызығушылығын ояту кезеңі	Кіріспе бөлім: Тәрбиешімен бірге залға әуенмен кіру, амандасу. «Үш табан» деген сөзді талдау, мағынасын ашып түсіндіру.	Балалар тәрбиешімен бірге асық ойындарын еске түсіреді. Өз түсініктері бойынша тәрбиешінің сұрақтарына жауап береді.
Ұымдастырушылық – ізденіс кезеңі	Негізгі бөлім: Балалар, біз бүгін қазақтың асықпен ойналатын тағы бір ойыны – «Үш табан» ойынын үйренетін боламыз. Бұл ойынға алдымен жерге немесе тас жолға түзу сызық жүргізіп аламыз. Бұл «көн» болып табылады. Ойынға 2 немесе 4 бала қатысады (төрттен көп болмағаны жөн), асық тізіп ойналатын ойын. Әр ойыншы көнге өзінің бір асығын қояды. Келісім бойынша бірнеше асық тігуге де болады. Ату кезегі сақаларды иіру бойынша анықталады. Көннен 3 – 5 метр жерге бормен сызық сызылады және осы сызықтан ойыншылар өз кезегі бойынша сақаларымен көнге қойылған асықтарды көздеп атады. Егер атқанда асыққа тигізіп ғана қоймай, оны табанмен санағанда (адым емес) үш табан қашықтықтан асырса – жойған асығын кері алады және ойынды жалғастырып, сақасы тоқтаған жерден соққы жасайды. Егер ойыншының сақасы тізілген асыққа тимей мүлт кетсе, онда кезек келесі ойыншыға ауысады. Егер де ойыншының сақасы асыққа тисе,	Тәрбиешіні мұқият тыңдап алғаннан кейін, «Үш табан» ойыны ойнатылады. Балалар түсініп алғанша тәрбиеші көмектеседі, содан соң өздері ойнайды.

	бірақ олардың арасы үш табаннан аз болса онда келесі ойыншы ойынды жалғастырады. Жеңіске көп асық жинаған ойыншы жеткен болып саналады.	
Оқу қызметті бақылау кезеңі	Қорытынды бөлім: Балалармен «Үш табан» ойынының ойналу жолдарын талдау, қалай түсінгендерін қорытындылау. Оқу қызметіне және ойынға жақсы қатысқан балаларды асықтармен мадақтау.	Балалар ойынның ережесін айтып береді. Өз ойларын ашық айтып дағдыланады.

Күтілетін нәтиже:

Орындайды:	ойын ережесіне сай ойнауды
Түсінеді:	«Үш табан» ойынын түсініп ойнауды
Қолданады:	кез – келген уақытта өзбетімен ойнауды

Технологиялық карта № 16

Тақырыбы: «Қақпақыл» ойыны

Мақсаты: балаларға ұлттық ойын «Қақпақыл» асық ойынын үйрету және байыптылық пен ұстамдылыққа тәрбиелеу.

Қолданылатын құралдар: тақырыпқа сай суреттер, әртүрлі асықтар жинағы.

№	Оқу қызмет мазмұны	Балалардың іс-әрекеті
Себепті қызығушылығын ояту кезеңі	Кіріспе бөлім: Тәрбиешімен бірге залға әуенмен кіру, амандасу. Балаларды жерге дөңгеленте отырғызу, әрқайсысының алдарына асықтар беру.	Балалар тәрбиешімен бірге асық ойындарын еске түсіреді. Тәрбиешінің нұсқауы бойынша отырады және асықты алақандарына салып жоғары – төмен лақтырып дағдыланады.
Ұйымдастырушылық – ізденіс кезеңі	Негізгі бөлім: Бүгін біз қазақтың тағы бір ұлттық ойыны – «Қақпақыл» ойынымен танысып, қалай ойналатындығын үйренетін боламыз. «Қақпақыл» ойынына бірнеше ойыншы қатысуға болады, әр ойыншы дербес өзі үшін ойнайды. Ойыншылар дөңгелене отырып, әрқайсысы қолдарына бір асықтан алады. Жерге шашылған көп асықтың үстіне ойналады. Қолдарындағы асықтарын жоғары лақтырып жіберіп, ол кері түскенше тездетіп жерден тағы бір асық алып үлгерулері керек. Сонда қолында екі асық болады. Тағы да екі асығын жоғары лақтырып жіберіп – жерден бір асық қосып алулары керек, бірақ бұрынғы асықтарын түсіріп алмаулары керек. Бұл ойында табандылық пен ептілік аса қажет. Алақанына кім көп асық жинаса – сол жеңімпаз болып саналады. Ойынның аты айтып тұрғандай – қақпақылдық қажет, яғни тез қағып алу деген. Ойын осылайша жалғаса береді.	Тәрбиешіні мұқият тыңдап алғаннан кейін, «Қақпақыл» ойыны ойнатылады. Балалар түсініп алғанша тәрбиеші көмектеседі, содан соң өздері ойнайды.

Оқу қызметті бақылау кезеңі	Қорытынды бөлім: Балалармен «Қақпақыл» ойынының ойналу жолдарын талдау, қалай түсінгендерін қорытындылау. Оқу қызметіне және ойынға жақсы қатысқан балаларды асықтармен мадақтау.	Балалар ойынның ережесін айтып береді. Өз ойларын ашық айтып дағдыланады.
--------------------------------	---	---

Күтілетін нәтиже:

Орындайды:	ойын ережесіне сай ойнауды
Түсінеді:	«Қақпақыл» ойынын түсініп ойнауды
Қолданады:	кез – келген уақытта өзбетімен ойнауды

Технологиялық карта № 17

Тақырыбы: «Шеңбер» ойыны

Мақсаты: балаларға ұлттық ойын «Шеңбер» асық ойынын үйрету және өзін – өзі басқаа білуге машықтандыру.

Қолданылатын құралдар: тақырыпқа сай суреттер, әртүрлі асықтар жинағы.

№	Оқу қызмет мазмұны	Балалардың іс-әрекеті
Себепті қызығушылығын ояту кезеңі	Кіріспе бөлім: Тәрбиешімен бірге залға әуенмен кіру, амандасу. Балаларды жерге шеңбер күйінде тұрғызып, әрқайсысының қолдарына асықтар беру.	Балалар тәрбиешімен бірге асық ойындарын еске түсіреді. Тәрбиешінің нұсқауы бойынша тұрады және асықты көздеп атып дағдыланады.
Ұйымдастырушылық – ізденіс кезеңі	Негізгі бөлім: Бүгін біз қазақтың тағы бір ұлттық ойыны – «Шеңбер» ойынымен танысып, қалай ойналатындығын үйренетін боламыз. Жерге немесе асфальтқа ойыншылардың ұйғаруымен диаметрі 1,5 – 2 метр шеңбер сызылады. Шеңбердің ортасына сызық сызылады, оның ұзындығы ойыншылар және асықтар санына байланысты болады. Бұл «көн» деп аталады. Әр ойыншы өз асығын көнге қабырғасымен жатқызып, «алшы» немесе «таған» етіп қояды. Екі асықты қатар бір жағымен қоюға болмайды, егер біреу абайсызда бір жағымен қойған болса – кез – келген ойыншы оның асығын тәркілей алады. Мұндай жағдайда ойынға қатысу үшін айып салынған ойыншы басқа асығын көнге қоюы қажет. Әр ойыншының өзінің «сақасы» (соғушы асық) болуы қажет, ереже бойынша бұл асық көлеміне, бояуына және құйылған қорғасынына немесе басқа да ерекшелігіне қарай бірнеше жай асықтардың құнына тең. Ойыншылар сол сақаларымен көндегі асықтарды көздеп атуы керек. Ойын кезінде	Тәрбиешіні мұқият тыңдап алғаннан кейін, «Шеңбер» ойыны ойнатылады. Балалар түсініп алғанша тәрбиеші көмектеседі, содан соң өздері ойнайды. Балалар өз асықтарын тігіп, көндегі асықтарды атып ойнайды.

	шеңберге кіріп кетуге немесе сызықты басуға тыйым салынады. Кім көп асықты құлатса сол жеңімпаз болып саналады.	
Оқу қызметті бақылау кезеңі	Қорытынды бөлім: Балалармен «Шеңбер» ойынының ойналу жолдарын талдау, қалай түсінгендерін қорытындылау. Көп асық жинаған ойыншыны мадақтау.	Балалар ойынның ережесін айтып береді. Өз ойларын ашық айтып дағдыланады.

Күтілетін нәтиже:

Орындайды:	ойын ережесіне сай ойнауды
Түсінеді:	«Шеңбер» ойынын түсініп ойнауды
Қолданады:	кез – келген уақытта өзбетімен ойнауды

Технологиялық карта № 18

Тақырыбы: Қорытынды оқу қызметі

Мақсаты: үйретілген асық ойындары бойынша сайыс оздыру, ата – аналарымен бірге үйренгендерін талқылау.

Қолданылатын құралдар: түрлі слайдтар, асық ойындары туралы ережелер, түрлі – түсті асықтар, сайысқа қажетті жабдықтар.

№	Оқу қызмет мазмұны	Балалардың іс-әрекеті
Себепті қызығушылығын ояту кезеңі	Кіріспе бөлім: Залға әуенмен кіргізу, орындарына отырғызу, қорытынды қызметтің мақсатымен және сайыс бағдарламасымен таныстыру. Сайысқа қажетті құрал – жабдықтарды орналастырып, ата – аналарға таныстыру.	Балалар көңілдене залға келіп отырады, тәрбиешінің сөздерін мұқият тыңдайды.
Ұйымдастырушылық – ізденіс кезеңі	Негізгі бөлім: Құрметті тәрбиеленушілер және ата – аналар! Біздер бір жыл бойы балаларға қосымша жұмыс ретінде – қазақтың асық ойындарын үйретіп, олардың ойналу ережелері мен әдіс – тәсілдерін, асық иіру әдістерін үйреттік. Бүгін міне сіздердің алдарыңызда соны қорытындылайтын кез де келді. Қазір алдымен балалардан асық атауларын, асық ойындарын сұрап, еске түсіріп аламыз. Содан соң түрлі ойындардан сайыс оздыратын боламыз. Сайыс бағдарламасы: 1.Тізілген асықтарды бір – бірлеп келіп көздеп ату. 2. Сақаларды иіру, түскен бағыттарын атаулары бойынша айтып беру. 3. «Қақпақыл» әдісімен жерден асық жинау. 4. «Ханталапай» ойынының ережесін түсіндіріп беру. 5. Асық туралы өлең – тақпақтар орындау. 6. Қорытындылау.	Балалар тәрбиешінің сұрақтарына жауап береді: - асық атаулары; - асық ойындарының атаулары; - асықты қалай иіру керектігін; - асықты қалай дәлдеп ату керектігін. Балалар сайысқа белсене қатысады, сайыстың әр бөлімі бойынша ұпай жинайды, ата – аналар тамашалап отырады.

Оқу қызметті бақылау кезеңі	Қорытынды бөлім: Сайыс қорытындысы бойынша және жыл бойы үйретілген материалдарды жақсы меңгерген балаларды марапаттау. Ата – аналардың пікірлері мен ұсыныстары тыңдалады.	Балалар белсенді болуға тырысады, өзін – өзі бағалау және өзгені құрметтеу дағдысына үйретіледі. Ата – аналардың тілектерін тыңдайды.
--------------------------------	---	---

Күтілетін нәтиже:

Орындайды:	сайыс бағдарламасы бойынша берілген тапсырмаларды
Түсінеді:	жеке және топтық тапсырмаларды
Қолданады:	үйренген материалдарын жаңғыртуды